

Есенова Қ.Ө.,

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, ф. ғ. д.,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: kalbike_65@mail.ru

ӘЛЕУМЕТТІК-СЕМАНТИКАЛЫҚ КОНЦЕПТІНІҢ МЕДИА КЕҢІСТІКТЕГІ РЕПРЕЗЕНТТЕЛУІ

Мақалада әлеуметтік-семантикалық концептінің семантикалық деңгейде түрлене отырып, қарама-қарсы мәнде жұмсалатын антиқұндылықты маркерлі концептіге айналу факторлары қарастырылады. Сондай-ақ әлеуметтік құбылыстарға байланысты туындайтын жасанды концептілердің қолданыстық ерекшеліктері мен сипаты жан-жақты талданады. Қазіргі таңда концепт ұғымын зерттеу тек тіл білімі саласында ғана емес, сондай-ақ жалпы дүниетанымдық тұрғыда да өзекті мәселеге айналып отыр. Концепт ой елегінде, сезімдік таным жүйесінде, ішкі бейне әлемінде қалыптасады. Қарапайым адамның тіршілігі әлеумет өмірімен тығыз байланыста үйлесімді болса, оның индивидуалды жағдаяттары мен әлеуметтік ақиқаты пара-пар келер еді. Әлеуметтік өмірі ағымы мен адамның өмірлік болмысын сипаттайтын бұқаралық ақпарат тәжірибесінен жалпы әлеуметтік білімді айқындауға болады. Демек, коммуникация ерекшелігі әсіресе масс медиа тілі шынайы өмірді таза қалпында немесе астарлап жеткізудің басты құралы бола алады.

Түйін сөздер: концепт, әлеуметтік-семантикалық концепт, құндылықтар жүйесі, тілдік сана, медиа кеңістік.

Yessenova K.U.,

DSc, Professor of the Kazakh National Pedagogical University Abay,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: kalbike_65@mail.ru

The representation of social-semantic concepts in the media texts

Changes at the semantic level of social and semantic concepts, and also factors of their transformation into the antivalued concepts which are used in opposite value are considered in the article. Besides in article features and the nature of use of artificial concepts which reflect the social phenomena of surrounding reality are comprehensively analyzed. The study of concepts at the present time is extremely important both for linguistic science and for a broad general knowledge. The concept arises as a fusion of meaning and sensory perception, an inner image. Correlating the everyday life of a person with the life of a society, the possibility of comparing individual situations and social realities in the forms that media provide to their viewers contribute to the fact that personalized experience is extrapolated into general social knowledge. Specificity of communication, features of the media language can make this process natural and imperceptible to the audience.

Key words: concept, social and semantic concept, value system, language consciousness, media space.

Есенова К.У.,

д. ф. н. профессор Казахского национального педагогического университета им. Абая,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: kalbike_65@mail.ru

Репрезентация социально-семантических концептов в медиатекстах

В статье рассматриваются изменения на семантическом уровне социально-семантических концептов, а также факторы превращения их в антиценностно-маркированные концепты, использующиеся в противоположном значении. Кроме этого, в статье всесторонне анализируются особенности и характер использования искусственных концептов, которые

отражают социальные явления окружающей действительности. Изучение концептов в настоящее время чрезвычайно актуально как для языковедческой науки, так и в широком общепознавательном плане. Концепт возникает как сращение смысла и чувственного восприятия, внутреннего образа. Соотнесенность обыденной жизни человека с жизнью социума, возможность сопоставления индивидуальных ситуаций и социальных реалий в формах, которые предоставляет своим зрителям масс-медиа, способствуют тому, что персонифицированный опыт экстраполируется в общее социальное знание. Специфика коммуникации, особенности медиа языка могут сделать этот процесс естественным и незаметным для аудитории.

Ключевые слова: концепт, социально-семантический концепт, система ценностей, языковое сознание, медиaprостранство.

Кіріспе

Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ тіл білімі жаңа антропоэлекті бағытта дамығаны мәлім. Мұндағы көзге түсетін ерекше басты үрдіс – тіл білімінің бірнеше ғылым салаларымен тоғысуы болды. Атап айтқанда, әлеуметтік лингвистика, психолінгвистика, прагматика және когнитивті лингвистика салалары қарқынды түрде дами бастады. Осындай салааралық бағыттардың бірі – лингвоконцептология аясының барынша кеңеюі 1-ден, қазақ фразеологиялық қорының аса бай екендігімен байланысты болса, 2-ден, қоғам өмірінде орын алып жатқан әртүрлі әлеуметтік өзгерістердің көп болуы дер едік. Жаһандандудың еліміздің әлемдік өркениет көшіне ілесуіне тигізетін оң ықпалынан бөлек ұлттық бірегейлігіміздің сақталуына нұқсан келтіретіндей түрлі әсерінің болуы да шындық. Мәселен, қазақтың сан ғасырлық тарихында болмаған жесір әйел мен жетім баланың қараусыз қалуы, оң жақта отырған қыздардың балалы болуы, некенің бұзылуы, ата-анасын қарттар үйіне өткізуі, жастардың жаңа туған нәрестеден бас тартуы т.б. сияқты келеңсіздіктер осы сөзімізге дәлел. Өкінішке орай, еліміздің жаңа қоғамдық – экономикалық формацияға өтуі социум өмірінің барлық саласына дерлік өзіндік зардабын тигізіп отыр. Әлбетте, ел экономикасы дамудың жаңа сатысына көтерілген кезде тұрмыстағы қиындықтардың ұмытылары сөзсіз. Алайда ұлттық рухани құндылықтарымыз жаңа сатыға көтеріле ала ма? Кейінгі ұрпақ алдыңғы буынның жіберген қателіктерін қалай қабылдай екен? Жарық дүниеге келген сәттен бастап-ақ ананың мейірімін, әкенің қамқорлығын көрмей, мақұрым қалған сәби қандай азамат болмақ?! Бұл бір қарағанда әлеуметтану ғылымының зерттеу нысаны сияқты көрінгенімен күллі гуманитарлық ғылымдардың ортақ мәселесі болатын «тастанды бала» проблемасы тіл білімінде де арнайы қарастыруды қажет етеді. Себебі алғаш кеңес кезінде пайда болған

жалғызбасты ана, жалғызілікті қария сияқты қолданыстар бүгінде сөздік қорымызға берік орныққан десек қателеспейміз. Дәл осылайша «көкек ана», «түнгі көбелек» т.б. сияқты тіркестердің де тұрақты сипат алғаны мәлім. Бұған белгілі дәрежеде жаңалықтар жаршысы қызметін атқаруы тиіс БАҚ-тың да ықпалы зор болғаны рас. Қазіргі ақпараттар тасқыны заманында күнделікті теледидардан таралатын негатив ақпараттың оқырман, тыңдарман санасына тигізетін әсері айрықша болмақ. «Әннің де естісі бар, есері бар» демекші, есер мәтелдердің бірі- «Ұра берсең Құдай да өледі» дегеннің кері ғой бұл. Яғни күн сайын сандаған жамандықтар, кісі өлімі, қылмыстар, адам саудасы т.б. сияқты жайсыз хабарларды ести-ести құлақ, көре-көре көздің де үйренетіні белгілі. Бір ғана мысал, өткен ғасырдың соңында пайда болып, көпті елең еткізген «көкек ана» деген қолданыс әлеумет өміріндегі тосын, жат құбылыс ретінде қабылданғаны белгілі. Алайда оның қоғамдық санаға тигізген зардабының қаншалықты ауыр болғандығын біз кезінде бағамдай алмаған сияқтымыз. Бұлай деуіміздің себебі бар. Бірнеше жыл бойы өзекті проблемалар қатарында тұрған «көкек ана» тақырыбы біртіндеп үйреншікті жағдайға айналды.

Эксперимент

Жетімін жат жұртқа тентіретпеу үшін әмеңгерлікті ойлап шығарған ата-бабаларымыздан келе жатқан салттың бұзылуы, ұрпақтың азғындауы, теріс жүріске салынған әйелдердің өз нәрестесін керексіз затты қоқысқа лақтырғандай етіп, **тастап** кетуі т.б. көптеген ой-тұжырымдар «баламның табанына кірген шөңне менің маңдайыма қадалсын» дейтін **ғазиз ана бейнесін** (образын) кейінге ысырып, бойында *безбүйректік, тасбауырлық, мейірімсіздік* сияқты адамшылықтан алыс, жаман қасиеттер толған «көкек ана» ұғымының қалыптасуына негіз болады.

Бұлжымас, өзгермес, фундаментальді, тек жақсы қасиеттерді қамтитын **ана** ұғымының семантикалық аясына сыйыспайтын, тіркеспейтін (жаман) теріс мағыналы сөздермен еніп, бірте-бірте онымен қатар қолданылады. Мұны ұлт танымында, тілдік ұжым санасында қалыптасып, мықтап орныққан **құндылықтың бұзылуы** деп бағалауға болады. Яғни оқиға – ситуацияларға орай жоғары, биік, асқақ сезімдермен байланыста ассоциацияланатын **рухани құндылықтар жүйесі** әлсіреп, нашарлап, жақсы қасиет-белгілерінен біртіндеп айырыла бастайды. Бұл жалпы халықтық кризиске әкеліп соғуы мүмкін аса қауіпті проблеманы **«Ұрпақтың азғындауы»** деген терминмен таңбалауға болады. Бұл жерде психология ғылымындағы «жеке тұлғаның деградациялануы» деген ұғымды еске түсірген жөн. Адамның когнитивтік санасындағы осындай процестердің нәтижесі тілдік санаға әсер етіп, белгілі бір лексикалық бірліктер семантикасында орын алып, жаңа сөз қолданыстар түрінде тілдік айналымға түседі. Осылайша талдаған **«Ана»** концептісінен **«Көкек ана»** деген жағымсыз ұғым бөлініп шықты.

Бұл жағымсыз мәнді қолданыс қазақ баспасөзінде тұрақты қолданылатын образға айналды деуге болады. Қазақ авторлары көкекті *«көкжалқау, ниеті бұзық құс»* десе, оның балапанын *«жұлымыр»* деп сипаттайды [1, 130].

Осылайша Ана деген ардақты есімге толығымен қарама-қарсы мәндес көкек атауының қосарлануы арқылы жасалған «көкек ана» қолданысы қалыптасып, сөзжасамда да, ұлттық санада да орнығып, қоғам өміріндегі үлкен келеңсіздіктің тілдік маркері ретінде танылды. Арада 5-6 жыл өткенде тағы да сол халықтың құлағы, көзі, һәм тілі болатын газет бетінде «көкек ана» моделімен жасалған тағы бір тосын тіркес «көкек әке» қолданыстық сипат ала бастады. Сөйтіп, енді бұрын-соңды көз көріп, құлақ естімеген «көкек әкелер» пайда болды.

Лингвомәдени концептінің өзге менталдық бірліктерден ең басты айырмасы онда **құндылық элементтеріне** баса назар аударылады. Яғни концептінің өзегін **құндылық** құрайды. Ал құндылықтың көрсеткіші бағалауыштық предикаттың қолдануынан көрінеді. Мысалы, бір феномен туралы бір мәдениеттің өкілдері бұл жақсы, жаман деп баға бере алады, сол феномен белгілі бір мәдениетте концептіні қалыптастырады. Концепті сананың қандай да бір күшті нүктесінің маңайына шоғырланып,

сол нүктеден жан-жаққа ассоциативтік векторлар таралады. Тіл ұстанушылар үшін осы ассоциативтік векторлар таралады. Тіл ұстанушылар үшін осы ассоциациялардың неғұрлым маңыздылары концепт өзегін құраса, мәні төмендеулері шеткері аймақты құрайды. Мұндай концептілерде айқын шекара болмайды. Өзектен алыстаған сайын ассоциациялар әлсірей береді. Осындағы концептінің өзегін (орталық нүктесін) құрайтын сөзжұмсамдық бірлік концептінің атауы болып табылады. Лингвомәдени концептінің құрылымы үш компоненттен тұрады: құндылықтық, фактуалдық және бейнелік. Фактуалдық компоненті санада вербалды түрде сақталып, ал образдық элемент бейвербалдық формада болады. Сондықтан оны тек сипаттауға болады [2, 75-80].

«Әке» әмбебап концептісінің құрамындағы құндылық компоненті бірқатар адамгершілік қасиеттер төмендеп, екінші орынға ысырылған қоғамда пайда болған **«Көкек әке»** туынды концептісінің құрамында біртіндеп көмескіленіп, тасаланып, біржолата жоғалады. Мұндай жаңа туынды концептінің теріс, жағымсыз эмоционалдық әсері күшті болады. Ал құндылық компоненті антиқұндылықпен алмастырылады. Мұндай адамзат қоғамындағы әлеуметтік құбылыстарға байланысты туындайтын жасанды концептілерді шартты түрде әлеуметтік-семантикалық концепті деп атағанды жөн көрдік. Біріншіден, бұл тарихи емес, белгілі бір кезеңде орын алған әлеуметтік құбылыс, екіншіден, әртүрлі семантикалық өрістерде орналасатын Әке және Көкек сөздерінің тіркесуі тілдік дәстүрге қайшы. Өйткені көкек қазақ танымында басқа құстардан тұрақсыздығымен, тиянақсыздығымен ерекшеленеді. Тіліміздегі «Көкек өз атын шақырады», «Аты жоқ құс», «Секектеп жүреді», «Балапанын тастап кетеді» сияқты ассоциациялар мен қолданыстар осыған дәлел. Сондықтан да көкекті концепт құрауға потенциалы жеткілікті бірлік ретінде тануға болады (мысалы, «қарға ана» деген қолданыс жоқ, өйткені концепт жасауға бұл құстың мінез-құлқы сәйкес келмейді, салыстыру үшін «қарға баласын аппағым дейді» деген фразеологизмін еске түсіріңіз). Дегенмен, **«көкек әке»** тіркесі әке сөзінің валенттілік қасиетін теріс, жағымсыз мәнде арттырады. Сөйтіп көнеден келе жатқан позитив мәнді **Әке** концептісіне заман ағымына қарай пайда болған негатив мән үстеледі. Семантикалық деңгейде түрлене отырып, қарама-қарсы мәнде жұмсалатын мұндай ту-

ынды концептілерді антиқұндылықтық маркерлі, әлеуметтік-семантикалық концептілер деген топқа жатқыздық.

Назар аударайық: «Жас Алаш» газетінде «Ұлт пен ұрпақ» айдары бойынша жарық көрген Мағжан Садықанұлының «Көкек әкелер көп, алименті жоқ» атты мақаласында елімізде жүз мың баланың алименттік қаржыдан қағылып отырғаны жайында баяндалады. *Ажырасу көп болатындықтан көкек әкелердің де қатары жыл санап артып келеді. Елімізде 100 мың бала алименттік қаржыға қол жеткізе алмауда. Ажырасу көп болғандықтан, «көкек әкелердің» де қатары жыл санап артып келеді. Статистикалық мәліметтерге қарағанда, алимент өндіру жөніндегі шыққан әрбір төртінші сот шешімі орындалмайды. Туған баласынан безген безбүйрек әкелердің балаларын жастай «тірі жетім» атандырып, өз қанынан жаралған ұрпағына қатігездік көрсетуі көңілге қаяу салады. Осындай қоғамдық ауыр кеселден еліміз бойынша кәметтік жасқа жетпеген мыңдаған бала зардап шегіп отыр.*

Сондай-ақ осы аталған проблемаға арналған келесі мақалада көкек әке тіркесі тырнақшасыз, яғни әдеби нормаға тән қолданыс ретінде жұмсалған: «Көкек әкені табуға көмектесіңіздер» («Бір тақырыпқа екі хат» айдары, Кәмила Сепбосынова). Мұнда да 15 жыл бойы 2 баласына алимент төлеуден қашып жүрген еркек жөнінде айтылады. Байқап отырғанымыздай, бауыр еті баласынан безіп адамгершіліктен алыстаған қазақ жігіттерінің бұл мінез-құлқы біртіндеп қоғамдық нормаға айналып бара жатқандай. Бұл әрине, ұлттық сарасанамызға үлкен дақ түсіретін келеңсіздік. Қазақы танымдағы «Әке – асқар тау, ана – мөлдір бұлақ, бала – жағасындағы құрақ» деген стереотиптің бұзылуына себеп болатын мұндай мысалдарды қазіргі БАҚ-тан көптеп кездестіруге болады. Жалпы қазақ тілінің паремиологиялық қорына назар аударсақ, ананың мейірімділігі сияқты әкенің қамқорлығын білдіретін *асыл әке, қамқор әке* сияқты қолданыстармен қатар *әкенің жақсысы жездедей-ақ, әкенің қарғысы-оқ, ананың қарғысы-боқ* сияқты әкенің қаталдығын көрсететін тілдік бірліктердің бар екенін көреміз. Бұлардан бөлек ата-ананың ақ батасымен қатар көңілін қалдырған перзентіне теріс батасын берген әкелердің де тарихта болғаны белгілі. Мысалы Қыз-Жібек жырындағы Төлегенге әкесі Базарбайдың теріс батасын беруі мен оның көп ұзамай мерт болуының арасындағы байланыстың бар екені шындық. Баласының өз

бетімен жасаған таңдауы әкесін қаншалықты назаландырғанымен анасы Төлегенге ақ батасын беріп шығарып салады. Бұл да іштен шыққан перзентін ешбір жамандыққа қимайтын ананың мейірімділігін көрсетсе керек.

Нәтиже мен талқылау

Осы айтылғандардың қоғамдық санада орын алып тұрақтана түсуіне әлбетте БАҚ-тың қосатын үлесі зор. Демек, медиа кеңістік-қоғам мүшелерін күнделікті жаңалықтардан құлағдар ететін ақпарат таратушы ғана емес, сонымен бірге ұжымдық тілдік санада жана қолданыстардың пайда болуына, орнығуына, тіпті әдеби норманың бейәдеби нұсқасы ретінде орнығуына ықпал ететін орта деуге негіз бар.

Қазіргі қазақ меди кеңістігінде жиірек қолданылып жүрген келесі тілдік бірлік-*құрсақ ана*. Мазмұны жағынан толығымен негатив мәнде жұмсалатын *көкек ана* тіркесінің моделі бойынша жасалғандығына қарамастан *құрсақ ана* деген қолданыстың семантикалық мазмұнын толықтай жағымсыз, теріс мәнде деуге болмайтын сияқты. Себебі ана адамның бір-ақ рет өмірге келуі қандай ақиқат болса, оны дүниеге әкелетін ананың да біреу-ақ болуы сондай ақиқат. Бір баланы екі ана бірдей табуы мүмкін емес. Сондықтан да баланы тоғыз ай көтеріп табатын әйелді ғана қазақ «Ана» деп атаған. Ал оны босандырып, кіндігін кесіп, жөргекке орап алған әйелді *кіндік шеше* деп атаған. Сондай-ақ тағдырдың жазуымен туған анасынан айырылған баланың әкесі екінші рет үйленген жағдайда анасының орнына келген әйелді *өгей шеше* деп атағаны белгілі. Демек, баланың ең жақын адамы- ананың орнын бастатын ешкім жоқ! Алайда қазіргі баспасөз бетінде *құрсақ ана* тіркесі жиі жұмсала бастады. Мысалы «Жас Алаштағы» (21.09.2010) «Бала табу да жұмыс болды», «Жатырды жалға беру- қыпқызыл бизнес көзіне айналып барады» сияқты мақалалар сөзімізге дәлел. Алғаш құлаққа тосындау естілетін бұл қолданыстың оқырман санасына тигізетін әсері екіжақты сипатта болады. Себебі анамен ассоциацияланатын *мейірімділік, сүйіспеншілік, адалдық, нәзіктік* сияқты рухани қасиеттер қазақы танымдағы *құрсақ шашу, құрсақ көтеру, құрсақ той, құрсақтағы тәрбие* сияқты оң, жағымды мәндегі тіркестермен толық сабақтасады. Сондықтан *құрсақ ана* тіркесі *отан ана, асыл ана, жер ана, абзал ана, газиз ана, ақ самайлы ана т.б.* синонимдер қатарынан орын алуына лайық сияқты. Дегенмен, *құрсақ*

ана қолданысының бұл қатарға орнығып кете алмасы анық. Өйткені ол – қазіргі медицинаның үлкен жетістіктерінің бірі саналатын эко тәсілімен бала табуға қатысты қалыптасқан тіркес. Ресми баламасы – *суррогатная мать*. Бұл жасанды қолданыстың семантикалық өрісіне назар аударсақ, мынадай семалар тізбегін көреміз:

- жатырды жалға беру;
- бизнес түрі;
- шариғат бойынша харам;
- ана мен баланың арасындағы табиғи биологиялық және рухани байланыстың үзілуі;
- жат құрсақ;
- баланың уызға жарымауы;
- әйелдің психологиялық соққы алуы;
- сәбиді сатып алу;
- құрсақ сату;
- ұрпақтың азғындауы

т.б. болуы мүмкін. Бұл – ең алдымен тарихи, табиғи емес, белгілі бір кезеңде орын алған әлеуметтік құбылыс. Яғни әлеуметтік-семантикалық концептінің семантикалық деңгейде түрлене отырып, қарама-қарсы мәнде жұмсалатын антиқұндылықты маркерлі концептіге айналуы. Демек, «ең жақын, туған (родной), мәңгі бірге» семаларының бір мезгілде бөтен, жат, уақытша жақындық семаларымен алмасу құбылысы байқалады. *Құрсақ ана* тіркесінің пайда болуына себеп болған экстралингвистикалық фактор-

лар бұл жерде шешуші роль атқарады дей аламыз. Сондықтан *құрсақ ана* қолданысы тілдік санамызда теріс мәнге ие күйінде қала бермек.

Қорытынды

Сайып келгенде, *құрсақ ана*, *көкек ана* сияқты теріс маркерлі тілдік бірліктер қоғамда бар құбылыстарға берілген атау. Алайда олардың пайда болуы әлеуметтік фактор десек те оған берілген атаудың жиі-жиі қолданылып тілдік айналымға түсуіне, сөйтіп ұжымдық тілдік санада орнығуына біртіндеп әдеби нормадан бейәдеби нұсқасына айналуына елеулі әсерін тигізетін БАҚ және медиа кеңістік болмақ. Бұл үрдістің қоғамдық санаға тигізетін зардабы бірнеше жылдан кейін аталмыш тіркестердің үйреншікті, нормалық тілдік бірліктерге айналып кетуі болмақ. Ар жағында тілдік ұжымның когнитивтік санасынан орын алатын *стереотипке айналу үрдісі* де алыс емес.

Қорыта келгенде, БАҚ қоғамдық сананы бұрмалаушы да, тузетуші де қуатты құрал болғандықтан онда пайда болып, сөзжұмсамға енетін тұрақты қолданыстардың бірыңғай оң жағымды мәнде болуы өзімізге, яғни қоғам мүшелерінің рухани құндылықтар жүйесін қалай түсінуіне және қалай қабылдауына байланысты екендігін естен шығармағанымыз жөн.

Әдебиеттер

- 1 Есенова Қ.Ө. Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде). – Алматы, 2007. – 450 б.
- 2 Карасик В.И., Слышкин Г.Г. Лингвокультурный концепт как единица исследования // Методологические проблемы когнитивной лингвистики: Сб. науч. тр. / Под ред. И.А. Стернина. – Воронеж: ВГУ, 2001. – С. 75-80.

References

- 1 Esenova Q.O. Kazirgi qazakh media-metinini pragmatikasy [Pragmatics of modern Kazakh media text] (kazakh baspasöz materialdary negizinde). – Almaty, 2007. – 450 b.
- 2 Karasik V.I., Slyshkin G.G. Lingvokul'turnyj koncept kak edinica issledovaniya [Linguo-cultural concept as one of the research] // Metodologicheskie problemy kognetivnoj lingvistiki: Sb. naun. tr. / Pod red. I.A. Sternina. – Voronezh: VGU, 2001. – S. 75-80.